

АҢДАТПА

Қазіргі заманда озық және жетіліп келе жатқан мемлекеттерде ақпараттандыру деңгейі және ақпараттық технологиялар саласындағы прогресс үнемі өсіп келеді. Бүгінгі таңда сауда саласында ақпараттық технологияларды қолдану арқылы бөлшек сауда алаңын ұстау шығындарын едәуір төмендетеді.

Көптеген компаниялар үшін өнімдер мен қызметтерді интернет арқылы сату мен жаңа жеткізушілер және клиенттерді табу негізгі тәсіл болып табылады. Интернет-дүкеннің болуы бәсекелестік артықшылық болып табылады.

Дипломдық жұмыстың мақсаты қазіргі тенденциядағы озық технологиялар көмегімен адамдардың өмір сүруін жеңілдету үшін және уақытын тиімдеу мақсатында онлайн интернет-дүкен құрылды.

Ұсынылып отырған бағдарлама сайттың қолданушысына каталогта тауарлармен танысып, бағаларды салыстырып, түр-түсін таңдап тапсырыс беруге қолайлы мүмкіндіктер туғызады. Бағдарламалық өнім халықтың ыңғайлылығы үшін өте бір жеңіл мәнерде құрылды.

Бұл программалық жабдықтаманы коммерциялық идеяда қолдануға болатын бағдарлама және болақшақта жетілдіріліп отырады.